

**"АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 9-3/1000 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 21 желтоқсанда № 12437 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 340 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.11.2020 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-қықықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев  
2015 жылғы 20 қараша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2015 жылғы 16 қарашадағы  
№ 9-3/1000 бұйрығымен  
бекітілген

**"АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.11.2018 № 484 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) порталға жүгінген сәттен бастап – 3 (үш) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзак уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзак уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – субсидияның аударылғаны туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама көрсетілетін қызметті алушы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Занының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау немесе мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес субсидиялар алуға өтінімді ұсынады.

Өтінімдер есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) қабылданады.

Өтінімнің қабылданғанын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіндегі" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіздер болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бүйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11008 болып тіркелген) АгроЕнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларында белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі.

### **3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша нысанда почтамен не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың: Занды тұлғаның шағымында атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мертаңба, кіріс нөмірі мен күні) растайды .

Сондай-ак, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қабылдаған адам оның шағымын қабылдағанын растау үшін талон береді, онда талонның нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымды қарау барысы туралы ақпаратты алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Портал арқылы электрондық арыз жолдаған кезде, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өндеуі (шағымның жеткізілгені,

тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүтінеді.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескеріле отырыш қойылатын өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) Министрліктің [www.mgov.kz](http://www.mgov.kz) интернет-ресурсындағы "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"АгроОнеркәсіптік кешен  
саласындағы дайындаушы  
ұйымдарга есептелген қосылған  
құн салығы шегінде бюджетке  
төленген қосылған құн салығы  
сомасын субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартына

1-қосымша

Нысан

## Хабарлама

Күрметті

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20\_\_ жылғы "\_\_\_" №\_\_\_\_\_ өтініміңіз бойынша  
мемлекеттік қызмет көрсетілді және Сіздің №\_\_\_\_\_ есептік шотыңызға 20\_\_  
\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ төлем тапсырмасымен \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде  
субсидия сомасы аударылғанын хабарлаймыз.

"АгроОнеркәсптік кешен  
саласындағы дайындаушы  
ұйымдарға есептелген қосылған  
құн салығы шегінде бюджетке  
төленген қосылған құн салығы  
сомасын субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша  
Нысан

## Хабарлама

Күрметті

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20\_\_ жылғы "\_\_\_" №\_\_\_\_\_ өтініміңіз бойынша  
мемлекеттік қызметті көрсетуден \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ себепті бас тартылды.

"АгроОнеркәсптік кешен  
саласындағы дайындаушы  
ұйымдарға есептелген қосылған  
құн салығы шегінде бюджетке  
төленген қосылған құн салығы  
сомасын субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына  
3-қосымша  
Нысан

Кімге:

(жергілікті атқарушы органның атауы) Кімнен:

(дайындаушы ұйымның атауы)

Өтінім берген сәттегі өтінім берушінің мемлекеттік кірістер органдарында тіркеліп, есепке алынған орны

---

\_\_\_\_\_ жыл үшін есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінім

Маған \_\_\_\_\_ жыл үшін есептелген қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы мөлшерінде \_\_\_\_\_ тенге көлемінде субсидия төлеуді сұраймын.

1. Дайындаушы ұйымның деректері:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

басшының аты, экесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

мекенжайы \_\_\_\_\_

телефон (факс) номірі: \_\_\_\_\_

2. Дайындаушы ұйымның екінші деңгейлі банктегі ағымдағы шотының мәліметтері

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

Банк деректемелері: \_\_\_\_\_

Банктің атауы: \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

ЖСК \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

3. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, ауыл шаруашылығы кооперативі және дайындаушы ұйым арасындағы сатып алу-сату шарты жөніндегі мәліметтер :

A у ы л шаруашылығы				A у ы л шаруашылығы		
------------------------	--	--	--	------------------------	--	--

P/№	өнімін сатушының № атауы және ЖСН /БСН	Шарттың нөмірі	Шарттың жасалған күні	ҚҚС-мен бірге бағасы (тенге)	өнімін сатушының орналаскан жерінің мекенжайы	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Өнім көлемі, килограмм	Төлеу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
2								

4. Дайындаушы үйымның ауыл шаруашылығы өнімінің өткізілгенін растайтын шот-фактуралары туралы мәліметтер:

шот-фактура нөмірі \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

ауыл шаруашылығы өнімінің атауы \_\_\_\_\_

өлшем бірлігі \_\_\_\_\_

ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі \_\_\_\_\_

ҚҚС-мен бірге бағасы (тенге) \_\_\_\_\_

барлық өткізу құны (тенге) \_\_\_\_\_

#### 5. Салық декларациясынан алынған мәліметтер

(тенге)

1.	Есептік жыл үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасы
2.	Есептік жыл үшін декларациялар бойынша бюджетке төленген ҚҚС сомасы
3.	Есептік жыл үшін жылдық жиынтық кіріс сомасы
4.	Есептік жыл үшін "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 5-тармағында белгіленген тізбе (бұдан әрі - тізбе) бойынша өнімдерді өткізуден түсken кіrіs сомасы
5.	Тізбе бойынша өнімдерді өткізуден түсken кіrіstіk жылдық жиынтық кіrіstіk жалпы сомасындағы үлес салмағы (кемінде 90 %)
6.	Дайындаушы үйымның шотына аударылатын субсидиялар сомасы
7.	Мемлекеттік кіrіster органдарының салық есептілігін қабылдағаны туралы хабарламалардың деректемелері

Субсидиялар сомаларының есептемесі осы өтінімге қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса беріледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өндөуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Тексеру кезінде ұсынылған мәліметтердің және субсидиялар сомалары есептемесінің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, он жұмыс күні ішінде заңсыз алынған қаражатты қайтаруға міндеттенеміз.

Өтінім беруші 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК қою күні және уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Басқарма 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК қою күні және уақыты

Есептелген қосылған күн  
салығы шегінде бюджетке  
төленген қосылған күн салығы  
сомасы мөлшерінде субсидиялар  
аударуға арналған өтінімге  
қосымша  
Нысан

### \_\_\_ жыл үшін субсидиялар сомаларының есептемесі

(тенге)

P/c №	Электрондық шот-фактураның нөмірі	Толтырылған күні	Алушының атауы	Тауардың атауы	Саны (көлемі)	(Тауар бірлігінің ҚҚС-сыз бағасы
1	2	3	4	5	6	7
2						
3						
4						
5						

кестенің жалғасы

Тауардың ҚҚС-сыз күны	ҚҚС сомасы	Өнім бірлігінің ҚҚС-сыз барынша жол берілетін күны	Откізуудің барынша жол берілетін күны бойынша ҚҚС-сыз сомасы	ҚҚС сомасы	Субсидиялауга жататын ҚҚС сомасы
8	9	10	11	12	13
8-баған=6-баған*7-баған	9-баған = 8 - баған * 12%		11-баған = 6-баған *10-баған	12-баған =11-баған * 12%	1) егер 7-баған 10-бағаннан көп немесе оған тең болса, 13-баған= 12-баған; 2) егер 7-баған 10-бағаннан кем болса, 13-баған=9-баған

--	--	--	--	--	--	--	--

Ескертпе: \* субсидиялауға жататын ҚҚС сомасы салық төлеушінің жеке шоты бойынша есептік жылға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасынан аспауы тиіс (АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қафидаларына 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер).